



Автор: ЖИЕМБЕТОВА БАХЫТГУЛ ЕРМЕКБАЕВНА

Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

Сынып: 5-сынып

Бөлім: Ақпарат және оны өңдеу

Тақырып: Біздің айналамыздағы ақпарат

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5.2.1.1 Тақырып мазмұнын оқушылардың өз бетімен меңгеруіне, практикалық дағдыларын қалыптастыруға жағдай жасау.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: . Ақпарат ұғымы туралы білім алады. Ақпарат түсінігі, әртүрлі формадағы ақпараттармен , ақпаратты өңдеу, сақтау, қабылдау түрлері туралы білімі қалыптасады. Оқушылардың басым бөлігі: Түсінеді, талдайды, қажет болған жағдайда білімін қолданады. Әртүрлі формадағы ақпараттармен жұмыс жасауды, ақпараттың қасиеттерін меңгереді. Кейбір оқушылар: Білімін жинақтайды, рефлексия жасайды. Біздің айналамыздағы ақпараттың берілуі мен ақпарат алмасу түрлерімен танысады.
Тілдік мақсаттар:	Пәндік лексика мен терминология: ақпарат-информатика -information, Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер: Талқылауға арналған сұрақтар: - Ақпарат деген не ? - Ақпараттың қандай түрлері бар? - Күнделікті өмірде қандай ақпарат аласыз? Талқылауға арналған тармақтар: Ақпарат түрін анықтау Жазылым бойынша ұсыныстар «Ақпараттың қай түрі. Анықта»тапсырмасын дәптерде орындау
Күтілетін нәтиже:	Ақпарат ұғымы туралы білім алады. Ақпарат түсінігі, әртүрлі формадағы ақпараттармен , ақпаратты өңдеу, сақтау, қабылдау түрлері туралы білімі қалыптасады.
Бағалау критерийлері:	Ақпарат түрін формасына қарай анықтайды.
Құндылықтарды дарыту:	Жауапкершілігі мол, белсенді азаматтық ұстанымы бар, • Өзінің жұмысына жауапкершілікпен • қарайды және жоғары жетістіктерге қол жеткізуге ұмтылады
АКТ-ны қолдану дағдылары:	осы дағдыға сәйкес интер белсенді тақта
Пәнаралық байланыс:	Математика, бейнелеу өнері, музыка
Бастапқы білім:	Әлемді өзгерткен жаңалықтар» мини-жобасы

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	«Сені көргеніме қуаныштымын, себебі.....» оқушылар өздерінің қасындағы оқушылардың жақсы жақтарын айтады. «Жылы және суық» жылы және суық түстер арқылы оқушыларды топқа бөлу	Ұжымда пікір білдіру топтасыру

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	<p>«Бірге ойлаймыз» Білу кезеңі: 1.Ақпарат деген не? 2. Ақпараттың қандай түрлері бар? 3.Адам ақпараттың қандай түрлерін пайдалана алады? 4.Адам ақпаратты қайда және қалай сақтайды? 5.Жеткізушіден қабылдаушыға қандай ақпарат беріледі? "Ақпарат" сөзі латынның түсіндіру, баяндау, мәлімет деген ұғымдарды білдіретін informatio сөзінен шыққан.Қазіргі кезде ақпарат күнделікті тұрмысқа, ғылымның әр түрлі философия, экономика физика, математика, информатика т.б салаларында кеңінен енді. Ақпаратты біз жазбаша немесе ауызша, тіпті қимыл-қозғалыс түрінде бере аламыз. "Ақпарат " деген сөз белгілі бір хабардың ,жаңалықтардың өткен оқиғалардың мазмұнын білдіреді. Тірі организмнің құрылысын зерттеу де бізге көп ақпарат береді. Мысалы: баласы атасына неге ұқсайды? Иттен неге тұмайды? Бұл сұрақтарға гинетика ғылымы жауап береді. Ол тұқым қуалаушылық болатының, әрбір организмнің негізгі белгілері ұрпақтан ұрпаққа ДНҚ молекулалары арқылы ақпарат беріледі. Сонымен ақпарат тірі табиғатта да, өлі табиғатта болады. Ол әрқашан сөзбен ғана жеткізілмейді, яғни ақпарат алмасудың сан алуан түрлері бар, қарым-қатынас жасау, өз бетімен ойлану, зертеу нәтижесінде пайда болады. Ақпаратқа үзілді кесілді анықтама бере алмаймыз.Оны қаршаған дүние туралы және онда жүріп жатқан процестер туралы хабарлар мен мағлұматтар деп түсінуге болады. Ақпарат материялымен және энергиямен қатар бізді қоршаған ортаның құрамды бөліктерінің бірі болып саналады. Ақпарат түрлері Барлық ақпараттарды төмендегідей бөлуге болады: қоғамдық саясаттық-әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық, химия-биологиялық, физиологиялық т.б. Мұнымен қатар ақпарат өзінің сипаты бойынша Түсіну кезеңі: 1. Неліктен ақпаратты сезім мүшелері арқылы қабылдаймыз?</p>	<p>Жаңа ақпаратты бір-біріне үйретіп, түсіну үшін өз тобында көршілеріңіз естімейтіндей етіп, сіздің сұрағыңызға жауапты талқылаңыз. • Тақырып бойынша Екі топ бір-біріне сұрақ қояды</p>
Сабақтың соңы	<p>Миыңның суретін сал. Оқушылар мидың суретін дәптерге салады да оны сабақ кезінде меңгерген білімдерін білдіретін сөздермен толтырады. Үйге тапсырма беру 5.2.1.1 Біздің айналамыздағы ақпарат.</p>	<p>Оқу бойынша қорытынды жүргізу Үй тапсырмасын оқушылар күнделікке жазады.</p>
Рефлексия	<p>«Бір ауыз сөз» /сабақты бағалау/ Бүгінгі өткен сабақты бағала. Қажетті сөздер: Ұнады, қажет, пайдалы, білдім, үйрендім ,қызықтым, есте сақтадым "Менің баспалдағым" /оқушылардың өзін бағалауы /</p>	<p>Оқушылар жекелеме сабақты бағалайды. Оқушылар стикерге өз есімдерін жазып, бүгінгі сабақта меңгерген білімдерін өздері бағалап баспалдақтардың біріне жапсырады.</p>